

ISSN 2224-5227

2016 • 4

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
БАЯНДАМАЛАРЫ

ДОКЛАДЫ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

REPORTS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ЖУРНАЛ 1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ЖУРНАЛ ИЗДАЕТСЯ С 1944 г.

PUBLISHED SINCE 1944



Бас редактор
ҚР ҰҒА академигі **М.Ж. Жұрынов**

Редакция алқасы:

хим.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әдекенов С.М.** (бас редактордың орынбасары), эк.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әділов Ж.М.**, мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Арзықұлов Ж.А.**, техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Бишімбаев У.К.**, а.-ш.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есполов Т.И.**, техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Мұтанов Г.М.**, физ.-мат.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Өтелбаев М.О.**, пед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Пралиев С.Ж.**, геогр.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Северский И.В.**; тарих.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сыдықов Е.Б.**, физ.-мат.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Тәкібаев Н.Ж.**, физ.-мат.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Харин С.Н.**, тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбүсейітова М.Х.**, экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА корр. мүшесі **Бейсембетов И.К.**, биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жамбакин К.Ж.**, тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Кәрібаев Б.Б.**, мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Локшин В.Н.**, геол.-мин. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Өмірсеріков М.Ш.**, физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Рамазанов Т.С.**, физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Садыбеков М.А.**, хим.ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Сатаев М.И.**; ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, а.-ш.ғ. докторы, проф. **Омбаев А.М.**

Редакция кеңесі:

Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина), Украинаның ҰҒА академигі **Неклюдов И.М.** (Украина), Беларусь Республикасының ҰҒА академигі **Гордиенко А.И.** (Беларусь), Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Дука Г.** (Молдова), Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Илолов М.И.** (Тәжікстан), Қырғыз Республикасының ҰҒА академигі **Эркебаев А.Э.** (Қырғызстан), Ресей ҒА корр. мүшесі **Величкин В.И.** (Ресей Федерациясы); хим.ғ. докторы, профессор **Марек Сикорски** (Польша), тех.ғ. докторы, профессор **Потапов В.А.** (Украина), биол.ғ. докторы, профессор **Харун Парлар** (Германия), профессор **Гао Энджун** (КХР), филос. ғ. докторы, профессор **Стефано Перни** (Ұлыбритания), ғ. докторы, профессор **Богуслава Леска** (Польша), философия ғ. докторы, профессор **Полина Прокопович** (Ұлыбритания), профессор **Вуйцик Вольдемар** (Польша), профессор **Нур Изура Уздир** (Малайзия), д.х.н., профессор **Нараев В.Н.** (Ресей Федерациясы)

Главный редактор
академик НАН РК **М.Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **С.М. Адекенов** (заместитель главного редактора), доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **Ж.М. Адилов**, доктор мед. наук, проф., академик НАН РК **Ж.А. Арзыкулов**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК **В.К. Бишимбаев**, доктор сельскохозяйств. наук, проф., академик НАН РК **Т.И. Есполов**, доктор техн. наук, проф., академик НАН РК **Г.М. Мутанов**, доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **М.О. Отелбаев**, доктор пед. наук, проф., академик НАН РК **С.Ж. Пралиев**, доктор геогр. наук, проф., академик НАН РК **И.В. Северский**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **Е.Б. Сыдыков**, доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Н.Ж. Такибаев**, доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **С.Н. Харин**, доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**, доктор экон. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И.К. Бейсембетов**, доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **К.Ж. Жамбакин**, доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Б. Карибаев**, доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **В.Н. Локшин**, доктор геол.-мин. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Ш. Омирсериков**, доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Т.С. Рамазанов**, доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.А. Садыбеков**, доктор хим. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.И. Сатаев**; почетный член НАН РК, доктор сельскохозяйств. наук, проф., **А.М. Омбаев**

Редакционный совет:

академик НАН Украины **Гончарук В.В.** (Украина), академик НАН Украины **И.М. Неклюдов** (Украина), академик НАН Республики Беларусь **А.И. Гордиенко** (Беларусь), академик НАН Республики Молдова **Г. Дука** (Молдова), академик НАН Республики Таджикистан **М.И. Илолов** (Таджикистан), член-корреспондент РАН **Величкин В.И.** (Россия); академик НАН Кыргызской Республики **А.Э. Эркебаев** (Кыргызстан), д.х.н., профессор **Марек Сикорски** (Польша), д.т.н., профессор **В.А. Потапов** (Украина), д.б.н., профессор **Харун Парлар** (Германия), профессор **Гао Энджун** (КНР), доктор философии, профессор **Стефано Перни** (Великобритания), доктор наук, профессор **Богуслава Леска** (Польша), доктор философии, профессор **Полина Прокопович** (Великобритания), профессор **Вуйцик Вольдемар** (Польша), профессор **Нур Изура Уздир** (Малайзия), д.х.н., профессор **В.Н. Нараев** (Россия)

«Доклады Национальной академии наук Республики Казахстан» ISSN 2224-5227

Собственник: Республиканское общественное объединение «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5540-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год. Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 218-220, тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://nauka-nanrk.kz> reports-science.kz

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

©Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016 г.

E d i t o r - i n - c h i e f

M.Zh. Zhurinov, academician of NAS RK

Editorial board:

S.M. Adekenov (deputy editor in chief), Doctor of Chemistry, prof., academician of NAS RK; **Zh.M. Adilov**, Doctor of Economics, prof., academician of NAS RK; **Zh.A. Arzykulov**, Doctor of Medicine, prof., academician of NAS RK; **V.K. Bishimbayev**, Doctor of Engineering, prof., academician of NAS RK; **T.I. Yespolov**, Doctor of Agriculture, prof., academician of NAS RK; **G.M. Mutanov**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **M.O. Otelbayev**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **S.Zh. Praliyev**, Doctor of Education, prof., academician of NAS RK; **I.V. Seversky**, Doctor of Geography, prof., academician of NAS RK; **Ye.B. Sydykov**, Doctor of Historical Sciences, prof., academician of NAS RK; **N.Zh. Takibayev**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **S.N. Kharin**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., academician of NAS RK; **M.Kh. Abuseitova**, Doctor of Historical Sciences, prof., corr. member of NAS RK; **I.K. Beisembetov**, Doctor of Economics, prof., corr. member of NAS RK; **K.Zh. Zhambakin**, Doctor of Biological Sciences, prof., corr. member of NAS RK; **B.B. Karibayev**, Doctor of Historical Sciences, prof., corr. member of NAS RK; **V.N. Lokshin**, Doctor of Medicine, prof., corr. member of NAS RK; **M.Sh. Omirserikov**, Doctor of Geology and Mineralogy, prof., corr. member of NAS RK; **T.S. Ramazanov**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., corr. member of NAS RK; **M.A. Sadybekov**, Doctor of Physics and Mathematics, prof., corr. member of NAS RK; **M.I. Satayev**, Doctor of Chemistry, prof., corr. member of NAS RK; **A.M. Ombayev**, Honorary Member of NAS RK, Doctor of Agriculture, prof.

Editorial staff:

V.V. Goncharuk, NAS Ukraine academician (Ukraine); **I.M. Neklyudov**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **A.I. Gordienko**, NAS RB academician (Belarus); **G. Duca**, NAS Moldova academician (Moldova); **M.I. Iolov**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **A.E. Erkebayev**, NAS Kyrgyzstan academician (Kyrgyzstan); **V.I. Velichkin**, RAS corr.member (Russia); **Marek Sikorski**, Doctor of Chemistry, prof. (Poland); **V.A. Potapov**, Doctor of Engineering, prof. (Ukraine); **Harun Parlar**, Doctor of Biological Sciences, prof. (Germany); **Gao Endzhun**, prof. (PRC); **Stefano Perni**, Doctor of Philosophy, prof. (UK); **Boguslava Leska**, dr, prof. (Poland); **Pauline Prokopovich**, Doctor of Philosophy, prof. (UK); **Wójcik Waldemar**, prof. (Poland), **Nur Izura Udzir**, prof. (Malaysia), **V.N. Narayev**, Doctor of Chemistry, prof. (Russia)

Reports of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2224-5227

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5540-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of.219-220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/> reports-science.kz

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

TO THE QUESTION OF FEATURES OF EDUCATION IN WORLD CULTURE

Z.K. Ayupova¹, D.U. Kussainov²

¹Kazakh national university named after Al-Farabi, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan

zaure567@yandex.ru

Key words: education in philosophical culture, Confucius's doctrine about education, Platon and a mayevtika, "Platon's Dialogues", "learn yourself", "education philosophy", "an education paradigm", "a postmodernism in education", continuity in education, reforms in education.

Abstract. Ideas of education in traditional philosophical doctrines. Confucianism and problems of education. Spirituality of the Buddhism, Taoism, Sufism about awakening and improvement of the person. Antique ideas of education. East peripatetizm about education and education of the person. Ideas of education and education of the person of philosophy of Modern times. Ideas of education in the German classical philosophy and the German romanticism. Neokantianstvo about the place of education in culture. The Kazakh Education and social and political figures, writers, poets of Kazakhstan of the end of XIX-of the first half of the 20th century about problems of education and education. Traditions of the Russian philosophy in questions of education and education. A pragmatism and existentialism about sense of education. Philosophy of formation of the East and West: the general and special Post-modernist strategy of education. New "educational paradigms", "sociocultural types of education".

УДК 341.62

К ВОПРОСУ ОБ ОСОБЕННОСТЯХ ОБРАЗОВАНИЯ В МИРОВОЙ КУЛЬТУРЕ

З.К. Аюпова¹, Д.У. Кусаинов²

¹КазНУ им. аль-Фараби, факультет международных отношений, г. Алматы, Республика Казахстан

²КазНПУ им.Абая, исторический факультет, г. Алматы, Республика Казахстан

Ключевые слова: образование в философской культуре, учение Конфуция об образовании, Платон и маевтика, «Диалоги Платона», «познай самого себя», «философия образования», «парадигма образования», «постмодернизм в образовании», преемственность в образовании, реформы в образовании.

Аннотация. Идеи образования в традиционных философских учениях. Конфуцианство и проблемы образования. Духовные практики буддизма, даосизма, суфизма о пробуждении и совершенствовании человека. Античные идеи образования. Восточный перипатетизм об образовании и воспитании человека. Идеи просвещения и образования человека философии Нового времени. Идеи образования в немецкой классической философии и немецком романтизме. Неокантианство о месте образования в культуре. Казахское Просвещение и общественно-политические деятели, писатели, поэты Казахстана конца XIX-первой половины XX века о проблемах образования и просвещения. Традиции русской философии в вопросах образования и воспитания. Прагматизм и экзистенциализм о смысле образования. Философия образования Востока и Запада: общее и особенное Постмодернистские стратегии образования. Новые «образовательные парадигмы», «социокультурные типы образования».

Қазақстан Республикасының индустриалды инновациялық даму қажеттіктері еліміздің білім беру жүйесін одан әрі қарай жетілдіру талаптарын алға тартып отыр. Оны жүзеге асыру барысында

біз әлемдік мәдениетте бұл үрдістердің қалай жүзеге асырылғанын зертеуді жөн көрдік. Бұл сипаттан алғанда бастапқы өркениет ошақтарында ірі діни жүйелердің ықпалы зор болғаны белгілі: Қытайда - дао және конфуцийшілдік, Үндіде - ведизм немесе индуизм, парсыларда - зороастризм. Осы діни жүйелердің қасиетті кітаптары - Дао де цзин, Веда, Авеста және т.б. қасиетті мәтіндердің, кітаптың беделінің өсуіне әкелді. Бұл білім мен тәрбиеге де өз әсерін тигізіп, сөз әлеуметтік болмысты реттеудің құралына айналды. Зерттеушілер осыған орай, бұл патшалықтар мен мемлекеттік бірлестіктерде абсолюттік биліктің орнығуымен байланыстыра отырып, білім берудің авторитаризмге, ұстаздың билігі мен беделіне негізделетінін айтады. Бұл оқушыларды енжарлыққа әкеліп, оларды итермелейтін күш - танымдық және зерттеушілік мүдде емес, қорқыныш, - деген пікір айтады [1, 284-бет.]. Білім беру философиясын арнайы зерттеумен айналысқан отандық ғалым Гүлжан Бейсенова былай дейді: «Оқытудың негізгі құралдары мыналар болды: ғұрыптық-магиялық, жазалаушы (қамшы, қайыс, таяқ) құралдар, емтихандар, түсіндірмелер, жаттап алу. Осылайша, ежелгі мәдениеттердегі білім беру жүйесі өз бойында элитаризмнің, сакральдылықтың элементтерін сақтай отырып, қоғамның әлеуметтік-тарихи дамуын тежеді және көп ұзамай ол жас әрі демократиялық антикалық мәдениеттің мүлдем өзге типімен алмастырылды» [2, 22-23-беттер.].

Антикалық дәуірдегі (латынша *antiquus* – ескі, көне дегенді білдіреді) мәдениет дегенде жалпы көне мәдениетті емес, бүгінгі күні ғаламдық сипатқа ие болған Еуропаның ежелгі мәдениетін айтады. Ал бұл мәдениеттердің қатарына ерте грек және рим өркениеттері жатады. Ежелгі гректер Балқан түбегін, Эгей теңізінің аралдарын және Кіші Азия жағалауын жайласа, римдіктер бастапқыда Рим төңірегіндегі шағын территорияны мекендеп, кейіннен бүкіл Италияны, Жерорта теңізі маңайындағы елдерді, оның ішінде Грекияны да, ақырында Еуропа мен Алдыңғы Азияның барлық белгілі елдерін жаулап алып, орасан зор империя құрды. Грек мәдениетінің алғашқы жазба ескерткіштері - б.з.д. VIII ғасырға, ал римдіктердікі б.з.д. III ғасырға тиесілі. Батыс Рим империясының құлауы, сонымен рим мәдениетінің ақыры б.з. V ғасырына жатқызылады, сондай-ақ, кейіннен византиялық мәдениет жолына түскен антикалық грек мәдениетінің құлдырауы да осы уақытпен айқындалады. Осылайша, өзінің пайда болғанынан бастап ортағасырларға дейін антикалық мәдениет уақыттың үлкен кезеңін - 1200 жылдай уақытты қамтиды.

Кезінде Ф. Энгельс «Грекия мен Рим негізін қалаған іргетас болмағанда, қазіргі Еуропа да болмас еді», - деп жазды. Шындығында ежелгі Грекияның философиялық көзқарастары, әдебиеті мен өнері, әсіресе, білім беруі мен тәрбиесі тікелей немесе эллиндік және римдік мәдениет арқылы бүкіл адамзаттық қоғам мәдениетінің барлық кейінгі тарихына орасан зор ықпал етті. Тіпті ерте гректердің пұтқа табынушылық рухына қарсы келетін ортағасырлық дүниетанымның, мәдениет пен өнердің формаларын айқындаған христиан діні мен мұсылман діні де антикалық мұрадан нәр алып отырды. «Мұсылман қайта өрлеуі», «еуропалық қайта өрлеу» (ренессанс), «классицизм» деген атаулардың өзі, белгілі бір мағынада, антикалық мәдениетті қайта түлетуді білдіреді.

Егер Шығыста тылсым күштерге бағына отырып, табиғатпен үйлесімді көнбіс өмір басым болса, антикалық халықтардың рухы бұл күштерді игеруге, табиғи еркіндікке ұмтылды. Әрине, бұларда да бүкіл тәрбие мемлекеттілік пен ұлттықтың ықпалында болса да, гректер адамның индивидуалдық күш-жігерін көркемдік тұрғыда дамытуға ұмтылды, ал римдіктер бұл күштерді іс-әрекет барысында практикалық түрде қолдануға тырысты.

Гректер бүкіләлемдік оқиғалардың сахнасын Азиядан Еуропаға көшірді және адамзаттың өмірі мен тәрбиесінде жаңа кезең басталды. Ақыл-ойдың сыңаржақтылығы мен шектеулілікке түскен Шығыс дәрекі пұтқа табынушылық пен еңсені езетін деспотизмнің құрбанына айналған тұста ешқандай қысымнан ада дербес өзіндік философиялық дүниетанымды, еркін өнерді, тәуелсіз ғылымды, бұқараның дауысын қоғамдық пікірге дейін көтеріп, демократиялық мемлекеттің үлгісін берді, ақырында білім беру мен тәрбиенің бай элементтерінің дамуына жол ашты.

Гректердің шынайы әрі кемел тәрбиесі көркемдік сипатпен байланысты болды. Грек өз-өзімен және табиғатпен толық үйлесімділікте болуға ұмтылды; сәйкестілік пен сымбаттылық оның бүкіл әрекетіне енді; тұлғаның үйлесімді дамуының барлық әдемілік пен ізгілікке бағытталуы – міне бүкіл грек тәрбиесінің міндеті мен мақсаты осы. Мұндай тәрбиенің мұраты «калокагатия» (грекше калос – сыртқы кейіптің сұлулығы және агатос – жақсы қасиеттер, ішкі ізгіліктер дегенді білдіреді)

принципі болды. Бұл сыртқы және ішкі кемелдікті, барлық тән күштері мен қабілеттердің үйлесімді дамуын, сырттай да, іштей де жетілген адам дегенді білдірді.

Грек тәрбиесіндегі алғашқы орындардың бірін гимнастика алады. Гимнастикалық тәрбие адамның тәнін оның жанының толық әрі таза бейнесіндей ету мақсатында сымбаттылық пен үйлесімділікке жеткізуді мақсат етіп қойды. Гректер гимнастиканы жан мен тәнді бірдей тірілтетін, демек, қоғамдық өмірдің гүденуіне де жеткізетін өнер деп түсінді. Жаттығулар өтетін арнаулы орындар гимназиялар мен палестралар деп аталды. Ең көне әрі қадірлі жаттығу жүгіру болып табылады, оның жылдамдығы мен ұзақтығы ептілік пен төзімділікке жетелейді. Диск лақтыру, оның алыстығы мен биіктігіне қарай иықтың, аяқ ұштарының бұлшық еттерін күшейту көзделді. Биіктік пен ұзындыққа секіру бүкіл дененің беріктілігі мен ықшамдылығына негізделді. Найза лақтыру нық, еркектік қалыпта жүруге, асқақ әрі еркін тұрпатты сақтауға және бүкіл сезімдерді қырағылыққа үйретті. Ақырында күрес адамның күшін де, шыдамдылығын да, шапшаңдығын да, батылдығын да дамытуы тиіс және ол барлық гимнастикалық жаттығулардың үйлесімді қосындысын құрады. «Пентатлон» (бессайыс) деп аталатын бұл бес жаттығу бүкіл гимнастиканың өзегін құрады. Олимпия, Истма, Немеря және Дельфы мейрамдарында жеңімпаз атанып, пальма бұтағын, мирта немесе лавр жапырағын жеңіп алу кез-келген жасөспірімнің арманы болды. Тәндік-рухани сұлулыққа жету тәрбиесінің гректер өміріндегі маңыздылығын, қазіргі заманда таңсық көрініп, біржақты түсіндіретін, олардың мәдениетіндегі педофилия құбылысынан аңғаруға болады.

Гректердегі көркем тәрбие муза-тәңірияларының қамқорлығында болды және олар кемел сұлулық құдайы Аполлонға бағынды. Олардың түсінігінде құдайлардың өмірі адамдардың тіршілігімен ұқсас болды. Гимнастикамен қатар поэзия, ән-күй мен музыка грек тәрбиесінің келесі сатысы болды. Кейінірек бұлардың қатарына грамматика мен графика ғана емес, өзінің барлық салаларындағы жалпы ғылым да қосылды. Осылайша оқыту рухтың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Жан мен тәнің, гимнастика мен өнердің бірлігін гректердің құдайлар туралы түсінігінен де байқауға болады. Мысалы, олардың ұғымынша, Гермес палестраны да, кифараны да ойлап табушы, Афина соғыстың да, ғылымның да тәңіриясы.

Грек музыкасының айқын әрі жарқын саздары (мелодиясы) сезімнің әдемі қозғалыстарын білдірді, ол ойындарды, әнді және биді сүйемелдеді. Грек музыкасы үйлесімділік пен ырғақ заңдарына негізделді. Үш, төрт және жеті ішекті лира аспабы әрқайсысы өзіндік сипатқа ие фригиялық, дорийлік, иониялық, эолистік және лидиялық әр алуан әуендерді ойнады. Үндестік пен ырғаққа негізделген музыка поэзиялық өнермен де, грек лирикасымен тығыз байланысты болды. Ақын-жыршылар эпостық жырларды, авторлық поэзияны жырлады. Осы тұтастықтан әлемге әйгілі болған грек драматургиясы мен театр өнері дүниеге келді.

Гректердегі бүкіл көркемдік білім берудің толық және ең жетілген үлгісі философия болды. Гимнастика мен музыка барлық өнердің ішіндегі ең биігі саналатын осы философияның дайындығы ғана болатын. Оның мақсаты индивидуалдық өмірді үйлесімді жандандырып, жанның барлық қабілеттерін – сезімін, еркін және танымын келісімге келтіріп, орнықтыру үшін философиялық ойлаудың негізін қалау болатын. Оның үстіне, ойлауды жаттықтыру мен дамыту үшін философияға математика қосылып оқытылатын. Осылайша, грек тәрбиесінің жалпы мақсатына гимнастика мен өнерден басқа философия мен ғылым да енді. Жүздеген грек полистерінде білім беру мен тәрбие үдерісі бір-бірімен ерекшеленгенімен, әсіресе Спарта мен Афины арасында айрықшаланғанымен, жоғарыда сипатталған тәртіп бәріне ортақ болды.

Грек білім беруі мен тәрбиесінде ежелгі грек ақындары мен ойшылдарының еңбегінің маңызы орасан зор болды. Барлық гректерді бірнеше ғасыр бойы өзінің «Илиада және Одиссеясымен» тербеткен олардың ең байырғы ұстазы Гомер болып есептеледі. Бұл эпостық жырлар баланы мектеп табалдырығынан қарсы алып, оны өмір бойы асқақтыққа, ерлікке шабыттандырып өтті. Ал грек философиясындағы ең алғашқы жүйелі ілімдердің бірін, ең алғашқы философиялық мектептің негізін қалаушы Пифагор болып саналады. Бұл мектеп математика мен философияны байланыстыра отырып, пифагоршылар бұл хаостық дүниеден жанның үйлесімділігін орнықтыруды мақсат тұтты. Олардың жасаған таңғажайыптары туралы аңыздар Пифагор іліміне мистикалық сарын береді. Дегенмен Грекияда тәрбие мен білім берудегі төңкеріс оның классикалық дәуіріндегі софистердің, Сократтың, Платонның және Аристотельдің философиялық және педагогикалық ілімдерінен кейін жүзеге асты.

Ерте грек заманында дәстүрлі қоғамнан полистік жүйеге өту барысындағы азаматты тәрбиелеу жаңа білім беру жүйесін өмірге әкелді. Бастапқыда «даналыққа құштарлық», кейіннен барлық рационалды білімнің жалпы жиынтығы ретінде қалыптасқан философия басында космологиялық натуралистік сипатта дамыса, сонсоң софистердің және Сократтың ілімдерінде мүлдем өзге мазмұнға ие болды. Дүниетаным антропологиялық даму жолына түсті. Сократтың беделімен көлеңкеде қалып қойса да, «адам барлық нәрсенің өлшемі», - деген принципке сүйенген софистерді білім беру жүйесіндегі «ең алғашқы ұстаздар» қатарына жатқызуға болады. Софистиканы (көрнекті өкілдері Протагор және Горгий), әдетте теориялық тұрғыда тұрлаусыз, ақиқатқа жету жолында шынайылықтың орнына жеке мүддені ойлаушылар деп және тағы басқа күнәлармен айыптайды. Шындығында бұл ілім б.з.д. V ғасырдың екінші жартысындағы Грекия өміріне объективті әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамудың алғышарттарымен келген феномен болып табылады. Софистер өз заманының талабын дұрыс ұғып, оған форма мен дауыс берді. Олар аға ұрпақтың дәстүрлі құндылықтарымен қанағаттанбаған жастардың арасында үлкен табыс пен қолдауға ие болды. Оларды Сократпен қоса «грек ағартушылар» деп те атайды. Софистер дәстүрдің орнына рух еркіндігін жариялап, бұрынғы әлеуметтік кестені бұзып, оның орнына тәрбие мәселесін алдыңғы орынға қойды. Бұл мәдениетті бұрынғыдай тек таңлаушылардың арасында ғана емес, қоғамның барлық қабатына кеңінен енгізуге жағдай жасады. Полистің тар шеңберін кеңейтіп, панэллинистік бастаудың негізін қалады. «Адам - барлық нәрсенің өлшемі» деген Протагор аксиомасындағы релятивизм мен прагматизм Горгий нигилизміне ұласқанымен қатар, сөз өзінің шынайылығынан гөрі нандыру мен сендірудің құралы дегенге саятын теориялық жаңалыққа да әкелді. Сондықтан да ол сол заманда риторика мен иландырудың өнеріне, «мемлекет қайраткерінің қолындағы нағыз штурвалға» айналды.

«Өз-өзіңді таны», «ізгілік - бұл білім» деген императивтерімен жақсы таныс, адамзат даналығы тарихының ұлы ойшылы ретінде белгілі Сократ та софистер секілді өзінің басты назарын адам табиғатына аударып қана қоймай, адамның мәні - ақыл-ойға негізделген белсенділік және адамгершілік бағдар ұстанған әрекет ретіндегі оның жаны деген түйінге тоқталып, философия тарихында этикалық рационализмнің негізін қалады. Ол құндылықтардың дәстүрлі жүйесінде төңкеріс жасады деуге болады. Байлық, даңқ, билік, денсаулық, сұлулық өз табиғатында ешқандай игілікке жатпайды, бірақ олар тек ғылыммен, таныммен және дұрыс пайымдаумен басқарылғанда ғана нағыз игілікке айналады. Сократ бойынша таным игілікті істің, қайырымды қылықтың алғышарты. Сократ сондай-ақ бақыттың жаңа ұғымын қалыптастырды: адам өз бақытының да, бақытсыздығының да ұстасы. Жанды адамның мәні ретінде белгілеуі, танымды нағыз игілік ретінде, өзін-өзі билей» алуды ішкі еркіндік ретінде бағалауы - оның этикасының осы тұжырымдары индивидтің дербестігін жария етті.

Сократтың білім берудегі қолданған тәсілі «ақиқат пікірталаста ашылады» деген принципке сүйенетін сұхбаттық тәсіл екендігі белгілі. Алайда бұл тәсілдің екі қыры болды: біріншісіне жұртшылыққа танымал *сократтық ирония* (тәлкек) жатады. Бұл үздіксіз сұрақтар мен күрт тұжырымдар арқылы осыған дейінгі ақиқат деп танылған білімнің жалғандығын әшкерелеуді білдіреді. Сократтық тәсілдің жағымды екінші қыры - *майевтика*. Бұл жекелеген көзқарастардан айқын бірі ұғымға немесе қатаң анықтамасына келетін индукцияға негізделеді. Осы тамаша тәсілдің көмегімен Сократ өз тыңдармандарының жүрегін жаулап алды және оқытудағы катехезистің әкесіне айналды.

Платон өз ұстазы Сократтың философиялық көзқарастарын бір жүйеге келтірді және оның педагогикалық идеяларына да теориялық өңдеу жүргізді. Платон үшін тәрбиеден артық жоғары және құдіретті күш жоқ, өйткені жасөспірім дұрыс және жақсы тәрбиеленсе, өзінің кейінгі бүкіл өмір жолында бақытты болады. «Барлық өзге талаптардың ішінде, - дейді ол, - баларды сақтау мен дамытуды, тәрбие деп аталатынды құрметтеу қажет, өйткені осыншама маңызды істен құр алақан қалмаған әркім, есейген шақта ұстамды қалпында қалып, барлық өзінің міндеттерін орындай алатын болады... Тек тәрбие арқылы барлық мемлекеттік құрылым өзінің дұрыс бастауын таба алады және мейлінше кемелденген тұлғалардан одан өткен кемел адамдар туатындай және тәрбиеленетіндей жолға түседі». Платонның педагогикалық теориясы оның идеялар туралы ілімінен туындайды және ол осы философиялық идеализмнің негізін қалағандықтан да оны Христқа дейінгі алғашқы христиан деп те атайды.

Бастапқыда Платонның Академиясында білім алып, кейіннен онымен араздасып («Платон маған дос, бірақ маған ақиқат қымбатырақ» деген оның сөзі ел аузында мәңгіге қалған), өзінің Ликей философиялық мектебін ұйымдастырған (түсіндіру барысында ерсілі-қарсылы жүретіндіктен бұл мектеп «перипатетиктер мектебі» деп аталды) антикалық ойдың алыбы Аристотель философия тарихында «Ұстаз» деген атпен есте қалды. Оның ұстаздығы осы аталмыш мектепті ұйымдастырғанымен ғана емес, эллиндердің және сол заманға белгі әлемдердің ұлы падишасы Александр Македонскийді тәрбиелегенімен ғана емес, педагогикалық практиканы терең теориялық философиялық ілімімен де сипатталады. Энциклопедиялық ақыл-ойдың иесі Аристотельдің тәрбие туралы ілімі оның мемлекеттік теориясынан, эвдемонистік этикалық теориясынан туындайды және Платонның идеализмімен салыстырғанда, өзінің нақтылығымен, эмпиризммен ерекшеленеді.

Эллинизм дәуірінде антикалық білім беру мен тәрбиенің өзіндік әрі озық философиялық үлгілері Эпикурдың «Бак» мектебінде, Зенонның «Стоя» мектебінде және т.б. одан ары дамытылды.

Бұл мектептер бай кітапхана қорымен де, өздерінің ғылыми және мәдени орталық болуымен сипатталды. Аристотельдің шәкірті Александр Македонский Мысырдағы өз атымен талған ірі қала - Александрияда б.з.д. үшінші ғасырда өз заманының аса ірі рухани орталығына айналған Мусейонның негізін қалады. Бұл ерекше «Ғылым ғибадатханасында» дәуірдің ең таңдаулы ғұламалары еңбек етті, ол білім берудің үздік үлгісіне айналды. Мусейонда жалпыға арналған дәрістер өтті, Ойкуменаның бар түкпірінен мыңнан аса оқушылар болды, жүзден аса оқытушылар болды. Оқытылатын пәндердің арасында филология, математика, физика, философия, география, медицина, тарих, музыка кеңінен танымал болды. Мусейонның кітапханасында саны 700 мың данадан асатын кітап (қолжазбалар, орамдар) қоры болды [1, 294-295-беттер.].

Осылайша ежелгі Грекияда білім беру жүйесі күрделі сипатымен айқындалды, бірнеше білім беру үлгілері болды, олардың ішінде Спарта мен Афина үлгілері өте жарқын болды. Фалес пен Пифагор мектептерінде ежелгі шығыстық мәдениеттердің ықпалы айқын байқалды. Оқытудың сұхбаттық тәсілінің арқасында оқушы оқытушының авторитаризмінен босанып шығып, белсенді шығармашыл тұлғаға айналады. Мұғалімдердің екі типі қалыптасты: ойлау мәдениетіне тегін үйрететін софостар және ақы алып оқытатын софистер. Дегенмен гректердегі білім беру мен тәрбиенің ортақ белгілерін олардағы «пайдейя» ұғымымен белгілеуге болады. Мартин Хайдеггердің анықтауынша, пайдейя бүкіл адамды өзінің мәнінде өзгертуді қалыптастыруды білдіреді. Ал Г.А. Бейсенова бұл ұғымды былайша анықтайды:

«Ежелгі грек «пайдейясы» айқын көрінген әлеуметтік-саяси сипатта болды, оның мұраттары өз бойында жауапкершілік еркіндік пен демократизмнің элементтерін жинақтай отырып, бүкіл қоғамға тарады. Еркіндіктің мұраты педагогикалық идеалда бейнеленді - білім беру қорқыныш пен жазалауға емес, еріктілікке, моральдық, интеллектуалдық және ерікті қасиеттердің тәуелсіз дамуына негізделді. Бірақ мұндай мұрат нақты өмірде бірқатар түзетулерге ұшырады. «Оқытылушы адам» мен «туа бітті білетін адам» арасында айырмашылық болды. Білім берудің демократизмі бұл екі типтің қабілеттер бойынша емес, білімді алу тәсілдерінде болуымен сипатталды» [2, 25-бет.].

Гректің білім беру және тәрбие жүйесі римдіктерге де үлкен әсерін тигізді, бірақ римдіктердің ұлттық мінезіне орай, оның өзіндік ерекшеліктері де болды. Осы ерекшелікті Римнің атақты ойшылы әрі шешені, мемлекет және мәдениет қайраткері Цицерон былайша сипаттайды: Гректерде біреулер бар жан-тәнімен - поэзияға, келесілері - геометрияға, үшіншілері музыкаға беріледі, ал өзгелері, мысалы, диалектиктер өздеріне әрекеттің ерекше түрін ашып алады да, өзінің бар уақытын, өзінің бүкіл өмірін өз бойларында адамгершілік пен ізгілік бастауларындағы жасөспірімдік рухты қалыптастыру үшін әрқилы өнерлер мен өнертапқыштықтарға арнайды. Римдіктердің балалры болса, олар кейін отанға пайдалы болу үшін тәрбиеленеді, сондықтан да оларға мемлекеттік игілік түрінде білім беріп, бабалардың ғұрпына үйрету керек. Біз өзіміздің рухымыздың, талантымыздың, ақылымыздың барлық жақсы және басты күштерін кейін оның пайдасына арнауымыз үшін Отанымыз бізге өмір мен тәрбие берді, сондықтан біз мемлекет үшін пайдалы болатын өнерлерді ғана үйренуіміз керек: осыдан ғана мен жоғары даналықты да, жоғары абыройды да көремін». Осылайша, Цицеронның сөзіне қарай отырып, Рим тәрбиесі мен білім беруінің ерекшелігін прагматикалық және патриоттық сипатта болды деп түйіндеуге болады.

Сонымен, қорыта айтқанда, адамзаттың ежелгі дәуірінде - ежелгі шығыс қоғамдары мен батыстық антикалық өркениетте болып өткен мәдени трансформациялардың барысында білім берудің негізгі нысаны – білім қорытылып шыға бастады. Тәрбиенің архаикалық жүйесінің негізгі нысаны - шеберліктер мен дағдыларды сөздің қазіргі заманғы мағынасында білім деп айтуға келмейді. Архаикалық мәдениетте білім әр алуан формаларды - сакральды білім ретінде, мифтер мен аңыздар формасында, фольклор, ауыз әдебиеті үлгілері түрінде өмір сүріп, қызмет етеді. Олардың барлығы дерлік тәрбие жүйесінің нысаны болып санала бермейді. Грек мәдениетінде білімнің өзі трансформацияға ұшырайды: бұрынғы сакральды-мифологиялық формалар барған сайын өзінің әлеуметтік маңыздылығын жоғалтып, келмеске кетеді де білімнің негізгі формасы ретінде рационалды білім пайда болады. Білімнің осы трансформациясы барысында білім беру де түзіледі.

Бүкіләлемдік тарихтың қабылданған хронологиялық шеңбері де антикалық замандағыдай он екі жүзжылдықтай уақытты қамтып, V-XVII ғасырлардың аралығын қамтиды. Батыс рми империясының құлауымен Батыс Еуропа ұзақ уақыт қараңғылықтың қойнауына енсе, Шығыс тамаша өркениеттің шуағына оранды. Дегенмен екі әлемде де - дін, Шығыста - ислам діні, батыста христиан діні өмірдің барлық салаларында үстемдік етті.

Біздің заманымыздың жетінші ғасырында жаңа монотеистік дін - исламның туының астына топтасқан араб тайпалары, оны дүниетанымдық және идеологиялық құрал етіп, шығысында Қытайға дейінгі, батысында Францияға дейінгі орасан зор территорияны басып алып, өзіндік өркениетімен сипатталған Араб халифаты мемлекетін құрды.

Бүкіл ортағасырлар бойы Халифат құрамына енген және исламды қабылдаған барлық елдерде өзіндік әрі біртұтас мұсылман мәдениеті үстемдік етті. Бұл тұтастық арабтар мен Алдыңғы және Орта Азияның, сондай-ақ Солтүстік Африка халықтары мәдениеттерінің өзара әсерімен түсіндіріледі. Шығыста ғылым, әдебиет пен өнер өзінің шарықтау шегіне жеткен VIII-XII ғасырларды кейбір медиевист зерттеушілер (мысалы А. Мецтің кітабы осылай аталады) «араб ренессансы» немесе «араб қайта өрлеуі» дәуірі деп атайды. Классикалық араб тілі ұзақ уақыт бойы барлық осы елдерде ресми мемлекеттік, діни және әдеби тіл ретінде қолданылды. Орта ғасырлардағы араб тілінің рөлі осы кезеңдегі латын тілінің рөлінен асып түспесе кем түспеді.

Парсылардың, сириялықтардың, үнділердің, копттардың, иудейлердің, Орта Азия мен Солтүстік Африканың өзге де халықтарының мәдени мұрасының, сондай-ақ эллиндік-римдік мәдениеттің рухани мұрасының едәуір бөлігін игеріп өңдей отырып, арабтардың өздері көркем әдебиет, филология, тарих, география, математика, астрономия, медицина, логика және философия, сонымен қатар, сәулет өнері, ою-өрнек өнері және көркем қолөнер салаларында орасан зор табысқа жетті.

Бастапқыда Мекке мен Яриб, Куфа және Басра қалалары, кейінірек Бағдад пен Шам қалалары мәдениет пен өнердің, философия мен ғылымның, білім беру мен тәрбиенің ірі орталықтарына айналды. Араб тіліндегі «маданият» сөзі аударғанда «қалалық», «қала адамы» дегенді білдіреді. Осы себепті де болса керек, мәдениеттанушы Б.Ф. Нұржанов «қала - дала» оппозициясына сүйене келе, білім беру институтының дамуын полистік жүйемен және қала мәдениетімен байланыстырады: «...араб-мұсылмандық ортағасырлық мәдениетте, кейіннен Еуропадағы Қайта өрлеу дәуірінде қалалық мәдени институттардың бой көтеруі білім берудің гүлденуіне әкелді. Осының барлығы білім беру институтын отырықшы урбанистік мәдениеттің аса маңызды институттарының біріне жатқызуға мүмкіндік береді» [3, 16-бет.]. Осы кезеңдегі әл-Кинди, әл-Фараби, ибн Сина, әл-Ғазали, ибн Рушд, Ж. Баласағұн сияқты ғұламалардың педагогикалық ілімдері мен көзқарастары бүкіладамзаттық ақыл-ойдың қазынасынан орын алғаны белгілі және олардың бірқатарының түбі бір түркі нәсілінен шыққанын біз мақтан ете аламыз.

Ал бұл дәуірде Батыс Еуропада христиан діні дүниетанымның бастауын бекітуші негіз болды. Ерте ортағасырлар «қараңғылық дәуірі» деп аталғанымен, VIII ғасырдың орта тұсынан бастап XVI ғасырға дейін Шығыс пен Еуропаның арасында рухани және көркем импульстардың тасымалдаушысы рөлін атқарған мұсылмандық Испанияның ықпалымен Батыс Еуропа қоғамы да біздің заманымыздың екінші мыңжылдығынан бастап, мәдени асуларға қол жеткізе бастады. Ғылым мен әдебиеттегі аса маңызды көптеген жаңалықтар (мысалы нөлдің ашылуымен санаудың он мәнді жүйесінің қолданылуы, магнитті иненің, астрономиялық құралдар мен тұсбағдардың,

қағаздың, механикалық сағаттардың келуі, тұндырудың, дистилляцияның, кристалданудың, қорытпаларды, қышқылдарды, тұздарды алудың химиялық әдістерінің ашылуы, провансалдық әдебиеттің, көптеген басқа да ғылыми және философиялық идеялардың енуі т.б.) енді.

Бұл жетістік білім беру жүйесін жақсартусыз мүмкін емес болар еді. Университеттер пайда болып, күш жинай бастайды, интеллектуалдық орталықтарға айналады. Олар пайда болғанға дейін Еуропада сатылы білім беру жүйесі болған емес. Университеттер зайырлы білімді таратуда жетекші рөл ойнады. XV ғасырда Еуропада 60-қа жуық университеттер болды. Мұндай жоғарғы мектептер арасында бастапқыда Кордова, Севилья, Валенсиядағы, кейіннен Париждегі, Палермодағы, Оксфордтағы, Кембридждегі, Болоньедегі университеттер кеңінен танымал болды. Университет заңды, әкімшілік және материалды дербестікке ие болды, оны оған билеуші немесе рим папасы арнайы құжат арқылы бекітіп берді. Университеттің сыртқы тәуелсіздігі оның ішкі өмірінің қатаң реттелуімен және тәртібімен үйлестірілді. Университет (латынша *universitas*- жиынтық, бірлестік) арнайы бірлестіктерге – факультеттерге (латынша *facultas* - қабілет) бөлінді. Заң, медицина, әртістік және т.б өнерлер игерілді, ал дінтану оқытылуы міндетті пән болып саналды. Университеттердің ұйымдасуы «цехтық принципке» бағындырылды: факультет - бұл оқыту «цехы», шебер - профессор, кіші шебер - бакалавр, оқушылар схолярлар. Оқыту мерзімі шектелмеді, кейде 10-15 жылға созылды. Оқу латын тілінде өтті. Математикалық және тіл білімінің негізгі оқу пәндері тривий (грамматика, риторика, диалектика) және квадривий (арифметика, музыка, геометрия, астрономия) деп бөлініп, бұлар жеті еркін өнер деп аталды. Бұл жаратылыстанымдық ғылымдардың тривиумы Платон мен Аристотельдің идеяларына, ал квадривиум пифагоршылдыққа негізделді. Білім мен сенімнің, теология мен философияның арақатынасы бекітілген ортағасырлық теориялық сананы «схоластика» (латынша *schola* - мектеп дегенді білдіреді) деп атау қабылданған. Бұл терминнің семантикалық мағынасының өзі тура мәнінде «мектеп философиясы» дегенді білдіргенімен, оның пайда болған орнына меңзейді. Аристотелизм мен католиктік теологияның қосындысын білдіретін бұл философиялық бағыттың көрнекті өкілдері қатарына А. Августин, Боэций, Ф. Аквинский және т.б, жатады. Бұлардың ілімдері сол замандағы дүниетаным мен философиялық ойға, оның ішінде білім беру мен тәрбиеге өзінің үлкен әсерін тигізді. Сондай-ақ Д. Скот, Ф. Ассизский, Р. Бэкон, У. Оккам көзқарастарына ибн Баджи (еуропалық атауында Авеллас), ибн Гуйфель (Абубанер), ибн Рушд (Аверроэс), ибн Гебироль (Авицеброн) және Маймонид сияқты шығыс перипатетизмі өкілдерінің де тигізген зор ықпалын теріске шығаруға болмайды.

Кейінгі орта ғасырларда, XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап Еуропадағы мәдени жетекшілік пиреней түбегінен Аппенин түбегіне қарай ойысады. Италияда кейіннен бүкіл Еуропаның рухани бет-бейнесін өзгерткен мүлдем жаңа типті Қайта өрлеу мәдениеті пайда болып, тез беки түсті. Жалпы ортағасырлық тарих сахнасының пердесінің түріліп Жаңа заманның тарихы мен мәдениетіне көшу, осы өтпелі кезеңге тән екі ұлы құбылысты - Қайта өрлеу мен реформацияны дүниеге әкелді. Бұл құбылыстар әлемнің кәдуілгі ортағасырлық кейпін танымастай өзгертіп жіберді. Қайта өрлеу зайырлы бағытты білдірсе, Реформация діни бағытты білдірді. Қайта өрлеудің идеялары Италияда зайырлы сипатта болса, Батыс Еуропаның өзге елдерінде діни сипатта таралды. Реформация қозғалысы болса, Италияны айналып өтіп осы елдердің барлығына таралды. Қайта өрлеудің идеялары қоғамның үстем топтарына ғана тарлса, Реформацияның идеялары барлық елдер мен қоғамның барлық қабаттарынан қолдау тапты.

Италиядағы Қайта өрлеу дәуірі мәдениетінің айрықша белгісі адамның индивидуалистік ұмтылыстарының пайымдалуы мен тереңдетілуі болды. Бұл үдерістің тірегі антикалық мәдениет болып саналды және негізінен қалаларда (негізінен Флоренцияда) өркендеді. «Ренессанс» терминінің өзі (ең алғаш қолданған суретші, сәулетші, өнер тарихшысы Джорджо Вазари (1512-1574)) антикалық мәдениетті «қайта түлету» дегенді білдірді. Тауар-ақша қатынастарының дамуымен сипатталатын әлеуметтік-экономикалық фактордың, антикалық мұраның, ортағасырлық карнавалдық халықтық мәдениеттің, қала мәдениетінің ықпалымен қалыптасқан Қайта өрлеудің негізгі идеялары мен негізгі белгілері мыналар еді: антропоцентризм, гуманизм, ортағасырлық христиандық дәстүрдің модификациясы, антикалық дәуірге деген ерекше қатынас, әлемге деген жаңа қатынас.

Еуропаның мәдени-тарихи дамуындағы маңызды кезең XVI ғасырда Германияда басталып кеңінен таралған христиан дінін өзгертіп түлетуге бағытталған діни және әлеуметтік-саяси

қозғалыс - Реформация болды. Реформация бас көтеріп келе жатқан буржуазияның көнерген ортағасырлық тәртіптерге бастапқы батыл қарсы шығуы болды. Христиан дінін реформалау арқылы, ол жаңа капиталистік қоғамдық қатынастардың дамуына және тұлғаның жаңа типінің қалыптасуына қуатты серпін берді. Реформацияның көрнекті нәтижесі католиктік ұстанымнан христиан дінінің үшінші бұтағы - протестантизмнің бөлініп шығуы мен римдік-католиктік шіркеудің құдіретті билігінің шектелуі болды. Ірі протестантистік конфессияларға - лютерандық, кальвинизм, англикандық діндері, протестанттық секталарға баптистік, адвентистік, методистік, квакерлік қауымдар жатты.

Қайта өрлеу дәуірінен бастап оқытылушы тұлғаның басымдылығына бағдар ұстанған білім берудің гуманистік үлгісі дами бастады. Білім берудің үлгісі білімнің энциклопедиялық сипатына негізделді. Реформация педагогикалық іске жағымды ықпал етті. Адамның еңсесін басып тұрған формализммен және шіріген иерархиясымен сипатталатын рим шіркеуінің езгісінен азат етуге ұмтыла отырып, Реформация балалардың тұлғалық қасиеттерін ашуға кедергі болатын схоластиканың құрған шырмауынан мектепті азат етті. Ол әуел бастапқы Інжіл мен ізгі хабардағы сүйіспеншілік пен еркіндік идеясын қайта нұрландырғандай болды. Ол ақырында діннің өзіне рационалистік бастауды енгізді. Тәрбиелеу мен оқытудағы сословиелік принципті протестантизм теориялық тұрғыда бұзды. Соның нәтижесінде бүкіл жалпыадамзаттық тәрбиенің негізіне отбасынан кейін *халық мектептері* жатты. Католицизмнің үстемдігін шектелгенімен, бұл мектептерде сенімге негізделгенсезім мен ғылымға негізделген ақыл-ой теңдігі сақталатындай діни принцип ұсталынды. Лютер Інжілді ұлттық тілге аударғаннан кейін дін бір сословиенің ғана емес, бұқараның арасына кең таралды. Кедейлерге арналған Інжіл барлығына таратылып берілді.

Халық мектептерінен кейінгі *орта* (латындық) мектептерге келер болсақ, оларды қаржыландыру дін иелерінен тартып алынған шіркеу және монастыр иеліктерінің есебінен ұлғая түсті. Латын тілі діннен кейінгі оқытудың басты пәндерінің бірі болып қала берді. Лютердің өзінің айтуынша, ескі тілдерді білмей, шіркеу мен мемлекеттің жоғарғы мүдделерін жеткілікті түрде ұғыну мүмкін емес. Атауының өзін классикалық ерте заманнан алатын мектептің жаңа түрі - *гимназия*, алуан түрлі лицейлермен, атенеялармен, педагогиумдармен, пропилеялармен бірігіп, Қайта өрлеу және Реформация тарихымен тығыз байланыста пайда болған гуманизммен қызығушылықтың өнімі болды.

Бұл дәуірдегі философиялық-педагогикалық ойдың аса ірі өкілі француз Мишель де Монтень болды. Жастайынан грек және рим мәдениеті мен тілін игеріп шыққан ол өзінің «Тәжірибелерінде» тәрбиенің табиғилығын қызғыштай қорғап, білім беру туралы жаңа ілімнің негізін қалады. Бұл ілімнің жаңалығы оның өз заманындағы мектептерде үстемдік еткен барлық схоластикалыққа, формализмге, фразерлік пен педантизмге қарсы шығуымен және салауаттылықпен сипатталатын эпикурлық ілімді жаңғыртуымен түсіндіріледі. Ол білім беруден қызу тірілікті, әрекетшілдікті, пікірдің дербестігін талап етеді, нақты білімді өлі вокабулизмнен жоғары қояды, рухтың сергек, көңілді күйін қолдайтын гимнастикаға үлкен мән береді. Монтень тәрбиені білім беруден маңызды деп санайды, өйткені мұның алғашқысы адамға күш пен мінез беріп, оны дұрыс бағдарға бағыттаса, ал екіншісі ақылды мәліметтермен толықтырғанымен, ерікті анықтамайды, сондықтан адамгершілік өмірге әкелмейді. Сондықтан жаттап алуды талап ететін мұғалімнен гөрі, оқушының барлық күштері мен қабілеттерінің үйлесімді дамуына қамқор болатын педагогты жоғары бағалап, оның жас тұлғаға тәрбиелі әсер етуін бағалайды. Ол отбасылық тәрбиеден гөрі сол кездері сәнге айнала бастаған гувернерлердің тәрбиесіне басымдылық береді, өйткені ата-ананың табиғи махаббаты баланы еркелетеді, ал тысқары адам өз міндетіне кәсіби тұрғыдан қарайды. Философияның білім берушілік маңызын қорғай отырып, ол білімді жоғары қоятын эпикуреизмді насихаттайды. Монтень ғылыммен айналысудың рухты бекітпей, оны әлсірететініне көңіл бөледі: «Қазір өмір сүріп отырған барлық мемлекеттердің ішіндегі ең күштісі, - дейді ол, - Түрік мемлекеті: бұл өйткені, ондағы халықтың тәрбиенің көмегімен ғылымды жек көріп, қаруды бағалауға үйренгенімен байланысты. Рим оқуға үйренген дейін, ол анағұрлым батыл болатын. Біздің уақытымыздың барлық жауынгер ұлттары дөрекі әрі надан халықтардың қатарына жатады: скифтер, парфияндар, Тамерлан және өзгелері біздің көзімізді осыған толығымен жеткізеді» [4, 113-114-беттер.].

Қорыта айтқанда әлемдік мәдениетте білім мен білім беру философиясына деген әртүрлі

көзқарастардың бар екендігіне көзіміз жетті. Біз олардың әрқайсысын мұқият зерттей отырып, қазақ мәдениетінің ерекшеліктері мен Қазақстандық білім жүйесінің қажеттіктері аясында қарастыра отырып қана қабылдауды жөн деп есептейміз.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] Очерки истории школы и педагогической мысли народов СССР (1917 - 1941) / ответст. ред: И.П. Кузьмина, М.Н. Колмакова, З.И. Равкин. М.: Педагогика, 1990. – 455 с.
- [2] Джуншеев Р.Е. Особенности формирования и развития казахского просвещения: (второй половины XIX - начала XX вв.) // Известия АН КССР: Серия обществ. Наук. – 1989. - №4. – С. 18-22.
- [3] Нуржанов Б.Г. Определение, концептуализация и организация образовательных стратегий // Философия образования и ее роль в формировании гуманитарного типа знания. Сборник I: Материалы к лекциям и практическим занятиям Летнего университета. Алматы, 8-21 июля 2010 г. – Алматы, 2010. – 99 с.
- [4] Бержанов К. Русско-казахское содружество в развитии просвещения. – Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 342 с.

REFERENCES

- [1] History of the school of pedagogical mind of the people of the USSR (1917 - 1941) / editor: I.P. Kuzmina, M.N. Kolmakova, Z.I. Ravkin. M.: Pedagogic, 1980. – 455 p. (in Russ.).
- [2] Dzunsheev R.E. The peculiarities of the forming and development of Kazakh education: (second half of XIX - beginning of XX century.) // KSSR NAS news: Series of social sciences. – 1983. – № 4. – P.6-15 (in Russ.).
- [3] Nurzhanov B. G. Definition, conceptualization and the organization of educational strategy // Philosophy of education and its role in formation of humanitarian type of knowledge. Collection I: Materials for lectures and practical training of Summer university. Almaty, on July 8-21, 2010 – Almaty, 2010. – 99 pages. (in Russ.).
- [4] Berzhanov K. The Russian-Kazakh commonwealth in education development. – Alma-Ata: Kazakhstan, 1990. – 342 pages. (in Russ.).

БІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕГІ КӨРІНІСТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МӘСЕЛЕСІНЕ

З.К. Аюпова, Д.Ө. Құсайынов

Кілттік сөздер: философиялық мәдениеттегі білім, Конфуцийдің білім туралы ілімі, Платон және маевтика, «Платон диалогтары», «өзінді-өзің танып біл», «білім философиясы», «білім беру парадигмасы», «білімдегі постмодернизм», білімдегі сабақтастық, білімдегі реформалар.

Аңдатпа. «Мәңгілік философиядағы» дәстүрлердегі білім беру идеялары. Конфуцишілдік және білім беру мәселелері. Буддизмдегі, даосизмдегі, суфизмдегі рухани тәжірибелер, адамды жетілдіру мен ой қабілетін ояту мәселелері. Білім берудің антикалық идеялары. Шығыстық перипатетизм білім және адамды тәрбиелеу жайында. Жаңа замандағы философиядағы ағартушылық және білім беру идеялары. Білім беру идеясы неміс классикалық философиясы мен неміс романтизмінде. Неокантиандық білім берудің мәдениеттегі орны туралы. Қазақ ағартушылығы және XIX ғ. қоғамдық-саяси тұлғалар қайраткерлер, ақын жазушылар білім беру мен ағартушылық мәселелері туралы. Білім беру мен тәрбие мәселелеріндегі орыс философиясының дәстүрлері. Прагматизм мен экзистенциализм білім берудің мәні туралы. Білім берудің постмодернистік стратегиялары. Жаңа «білім беру парадигмалары», «білімнің әлеуметтік мәдени типтері».

Поступила 26.06.2016 г.

СОДЕРЖАНИЕ

Математика	
<i>Мартынов Н.И., Рамазанова М.А.</i> Краевые задачи обобщенной плоской деформации линейно - упругого тела.....	5
Технические науки	
<i>Алтынбек Ш.Ч., Байконурова А.О.</i> Изучение влияния состава золотосодержащих растворов на сорбцию золота природными и синтетическими ионитами.....	17
Химия	
<i>Гылымхан Н.Т., Жумагалиева Ш.Н., Абилов Ж.А.</i> Возможности использования бентонитовых глин в медицине.....	24
<i>Мальшиев В.П., Зубрина Ю.С., Макашева А.М., Каткеева Г.Л., Кайкенов Д.А.</i> Особая роль и более общее выражение стерического фактора в вероятностной модели измельчения.....	34
<i>Хусанов А.Е., Крамалев С.О., Калдыбаева Б.М., Абильмагжанов А.З.</i> Исследование эмульгирующих свойств продуктов амидирования растительных масел.....	45
Науки о Земле	
<i>Абаканов Т., Садыкова А.Б., Ли А.Н., Степаненко Н.П.</i> Формализованная оценка сейсмopotенциала (M_{max}) земной коры Казахстана по комплексу сейсмогеофизических параметров.....	53
<i>Исламкулов К.М., Мырхалыков Ж.У.</i> Повышение прочности и износостойкости металлорежущих инструментов и литых деталей.....	61
Биология	
<i>Мукушкина Д.Д., Шертай М.Ж., Мирошник Т.Н., Аширбеков Е.Е., Талаева Ш.Ж., Хансеитова А.К., Айтхожина Н.А.</i> Выявление ассоциации полиморфизмов гена <i>ESR1</i> с риском развития рмж среди населения Казахстана.....	67
<i>Байтанаев О. А.</i> Феномен природной очаговости зоонозных инфекций: новая гипотеза.....	74
<i>Рсалиев А.С., Чудинов В.А., Амирханова Н.Т.</i> Устойчивость селекционных материалов ячменя Карабалыкской сельскохозяйственной опытной станции к сетчатой пятнистости и мучнистой росе.....	79
Медицина	
<i>Тургумбаева А. А., Рахимов К.Д., Устенова Г.О.</i> Антимикробные и другие целебные свойства сафлоры (<i>CARTHAMUS TINCTORIUS L.</i>).....	88
<i>Качиева З.С., Габдулина Г.Х.</i> Роль полиморфизмов гена <i>dkk1</i> в развитии деградации сустава у пациентов с ревматоидным артритом.....	93
Аграрные науки	
<i>Кулажанов Т.К.</i> Определение выхода мяса при национальной разделке туши баранины.....	100
Общественные науки	
<i>Абижов М. М.</i> Начало сотрудничества стран России и Китая.....	105
<i>Аюпова З.К., Кусаинов Д.У.</i> К вопросу об особенностях образования в мировой культуре.....	110
<i>Довгань А. В.</i> Смысл как детерминанта религии (на примере христианства).....	119
<i>Кишибекова Г.К., Абдулина Г.А., Жанбырбаева С.М.</i> Факторы повышения конкурентоспособности национальной экономики в условиях глобализации.....	124
<i>Кулбай Б.С.</i> Разработка адаптированной модели управления предприятием текстильной промышленности.....	135
<i>Курманов Н.А., Бактымбет С.С., Бактымбет А.С.</i> Развитие человеческого потенциала в Казахстане и в странах евразийского экономического союза.....	141
<i>Смаилова Ж.П., Таспенова Г.А., Карымсакова Ж.К.</i> Свободно плавающий валютный курс как инструмент денежно-кредитной политики.....	148
<i>Раимбердиев Т.П., Нысанбаева А.М., Носаненко Г.</i> Роль менеджмента в реформировании институтов государственного управления.....	154
<i>Рахимбекова А.Е., Курманов Н.А., Махатова А.Б., Серикбаева Э.А.</i> Развитие фармацевтической отрасли в республике Казахстан как основного рыночного элемента системы здравоохранения.....	161
<i>Татибеков Б. Л., Аман Р.Л.</i> Основные принципы сокращения неформального рынка труда и неформальной занятости на современном этапе.....	171